

PR и СМИ в Казахстане

Сборник научных трудов

Выпуск 17, Алматы Қазақ университеті, 2019 ж. 64-69 бет

УДК 372.851.02, УДК 372.800.4.02

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ХАКИМОВА Т., СПАБЕКОВА Ж.

П.Ф.К., доцент, аға оқытушы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан., Алматы қ.

tyyshtyq.hakimova@gmail.com, zhanaraspabekova@gmail.com

Түйіндеме

Қазақстан экономикасының сапалы жаңа «жасыл» технологиялық құрылысқа көшуіне және 2050 жылға дейін елде энергияның баламалы және жаңартылған түрлеріне тұтынылып отырған барлық энергия көздерінің тең жартысы көшуі қажетті. Білімгерлердің жаңа технологияларды қолдануда, технологиялық жетістіктерге негізделген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануын қалыптастыру, жоғарғы оқу орынында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды негізгі бағдарламалық-әдістемелік кешенін қолдану.

Резюме

Переход казахстанской экономики на качественно новый «зеленого» строительства, на обновленный технологический альтернативных источников энергии, должны до 2050 года. Применении новых технологий студентами, в информационно-коммуникационных технологий основанные на технологических достижениях и формирования на коммуникационно-методического комплекса.

Summary

The transition of the Kazakh economy to a qualitatively new "green" building, to a renewed technological alternative energy sources, should until 2050. The use of new technologies by students, in information and communication technologies based on technological advances and the formation of a communication and methodical complex.

Кілттік сөздер: Инновация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, «жасыл» технология, дербес компьютерлер, экология ғылымы, химия, экологиялық мониторинг, электрондық құрылғылар.

Ключевые слова: Инновация, информационно-коммуникационные технологии, «зеленые» технологии, персональные компьютеры, экология, химия, мониторинг окружающей среды, электронные устройства.

Keywords: Innovation, information and communication technologies, "green" technologies, personal computers, ecology, chemistry, environmental monitoring, electronic devices.

Жасыл технологиялар

Оқыту үдерісін және жоғары оқу орнын басқаруда ақпараттық технологиялардың алатын орны ерекше. Жасыл технологиялар (ағыл. *green technology*) - қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қадағалау, модельдеу, сақтап қалу және адами теріс әсерлерді алдын алуға бағытталған экология ғылымы, химия, экологиялық мониторинг және электрондық құрылғылардың қолданылуын білдіреді. Сондай-ақ, бұл термин жел генераторлары, биореакторлар және тағы сондай сияқты орнықты энергия өндіру технологияларын сипаттауға қолданылады[1].

АҚТ жасыл технологиясының мақсаттары

Қоғамның табиғи ресурстарға зиянын тигізбестен және зиянсыз болашаққа шексіз түрде жалғастыра алатын жолмен қажеттіліктерін қанағаттандыру, және қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

- Өндірілген өнімдердің аяқтаған қайталауын, толықтай толтыруға немесе қайта пайдалануға болатын өнімдерді жасау арқылы аяқтау.
- Дереккөздерді қысқарту - өндіріс пен тұтынудың үлгілерін өзгерту арқылы қалдықтарды азайту.
- Инновация - технологияларға балама - қазба отындары немесе химиялық қарқынды ауыл шаруашылығы - денсаулығына және қоршаған ортаға зиян тигізетіндігі көрсетілген және осы мәселені алдын алу.
- Қоршаған ортаға пайда әкелетін технологиялар мен өнімдер айналасында экономикалық белсенділік орталығын құру, оларды іске асыруды жылдамдату және әлемді шынымен қорғайтын жаңа мансаптарды құру.

«Жасыл технологиялар» - табиғи ресурстарды сақтауға және жерді ұтымды пайдалануға, қазып алынатын отынды тұтынуды қысқартуға бағытталған технологиялар; өнімдерді қайта өңдеу мен қайыра пайдалану және қалдықтарды іске жарату, қалпына келтірілетін энергия көздерін пайдалану, энергияны үнемдейтін компьютерлік жүйелерді әзірлеу жүйесі[2]. Инновациялар негізіне тұрақты даму принциптері мен қайталама ресурстарды пайдалану. Жалпы тәсіл қол жеткізуді көздейді, олардың басты мақсаты — келеңсіз әсерін төмендету. "Жасыл технологиялар" ортаға оның санының азаю есебінен қалдықтарды энергия тиімділігін арттыруда, дизайн көлемінің тұтынылған ресурстарындағы салалары:

- жалпы экологиялық басқару (қалдықтарды басқару, ластануды, суды, ауаны, жерді қалпына келтіруге және т. б.);
- өндіру энергия жаңартылатын энергия көздерін (күн энергиясы, биоотын және т.б.), жұмсарту, климаттың өзгеруі, атмосфераға зиянды шығаруларды төмендету және арттыру, отын тиімділігін, сондай-ақ ғимараттарда энергия тиімділігін және жарықтандыру аспаптары. Іс жүзінде "жасыл технологиялар" экономиканың барлық салаларды қамтиды: энергетика, өнеркәсіп, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы және т.б. Мысалы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранттарына академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша бір семестрге 10 орын бөлуге дайын екендігін жеткізді[3]. Тараптар ғылыми зерттеулерді, ғылыми-техникалық ақпарат пен техникалық өнімдерді алмасуды, семинарлар мен көрмелерді ұйымдастыру мен өткізуді, мақалалар мен монографияларды, сондай-ақ ортақ баяндамаларды жазу мен жариялау және тағы басқа да шараларды атқаруды жоспарлады.

«Жасыл» экономиканы дамытудың жетінегізгі бағыттары:

Бірінші бағыт - жаңартылатын энергия көздерін енгізу. Пайдалы қазбаларды ары қарай сақтау туралы мәселе орасан ауқымға ие болады. Біздің мемлекет табиғи қорлары өте бай ел ретінде танылған. Мұнай, газ – бүкіл дүние жүзінде ең ірі энергетикалық қорлардың бірі ретінде сыныпталады, бірақ тіпті олардың өзі уақыты келгенде сарқылады, демек өмір үшін жаңа ресурстар табу қажет. Бұл ретте Қазақстанның жақсы экожүйеге, жер қыртысына және орманға ие болуы айғағы басқа елдер алдындағы өзінің ұстанымын айтарлықтай арттырады.

Екінші бағыт – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі. Қалалық тұрғын үй қорының маңызды бөлігі кеңестік дәуірден кейінгі уақытта салынғандықтан, тұрғын үй кешендерінің көпшілігі тиімсіз жылу изоляциялық құрылымдармен және жылумен қамтамасыз ету жүйелерімен жабдықталған, ол маңызды жылу шығындарына алып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда жылумен қамтамасыз ету аспаптарының жұмысының істен шығуы саласындағы іс-шараларды жүзеге асыратын энергия сервистік компаниялары әрекет етеді.

Үшінші бағыт – ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы. Бірінші кезекте бағыттың аталмыш түрі әр түрлі азық қоспаларынан, синтетикалық тыңайту өнімдерінен (пестицидтерден) бас тартуды қарастырады. Дақылдық өсімдіктердің шығымдылығын, өсуін қамтамасыз ету үшін органикалық тыңайтқыштарды пайдалану туралы сөз болып отыр. Ауыл шаруашылығын «көгалдандыру» табиғи қорларға зиян келтірместен, халыққа азық-түлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан мынадай бағыттар бойынша әрекет етуді жоспарлайды:

- жердің құнарлылығын басқару;
- суды тиімді пайдалану;
- өсімдіктер және жануарлар денсаулығын басқару;
- фермаларды механикаландыру.

Төртінші бағыт – қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру. Қалдықтарды басқару мәселесі ерекше танымалдылыққа ие болды. Лас көшелер, үйінділер және қандай да бір болып жатқанға бақылаудың жоқтығын жиі кездестіресіз. . Қалыптасқан жағдайларға байланысты қалдықтарды өндірістік өнімнің қайталама өнімі ретінде пайдалану ұсынылған. Осылайша, мысалы қатты тұрмыстық қалдықтарды кешенді қайта өңдеу және балама отынды алу технологиясы Алматыда іске асырылуда.

Бесінші бағыт – су қорларын басқару жүйелерін жетілдіру. Су адамзаттың өмір сүруін және экожүйелердің тұтастығын қамтамасыз етудің шешуші табиғи құрылымы болып қала береді. Осыған байланысты су қорларын тиімді пайдалану орасан ауқымға ие болатын мәселе болып қала береді.

Алтыншы бағыт – «таза» көлікті дамыту. Қазақстандағы тасымалдардың көпшілігі дизельде/бензинде жүргізіледі. Қазіргі уақытта тасымалдардың басым бөлігі бензин (дизель) негізінде жүзеге асырылады. Бірінші кезекте бұл парник газдарының жоғары шығарындыларына жағдай жасайды.

Жетінші бағыт – эко жүйелерді сақтау және тиімді басқару. Осы бағыттағы қызмет басты түрде біздің елдің бірегей табиғат байлығын сақтауға бағытталған «Жасыл» экономика бірінші кезекте экономикалық дамуға жағдай жасап және қамтамасыз етеді:

- ішкі жалпы өнімнің өсімі;
- елдің табыстарын ұлғайту;
- елдегі жұмыссыздық көрсеткіштерін азайта отырып, халық үшін жұмыс орындарын құру.

Дамыған елдердің ізінен келе жатқан Қазақстан да әлемдік трендтен қалмауды көздейді. Бүгінде көмір сутегі экономикасы дәуірінің бірте-бірте аяқталып, төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басып келе жатқан кезең. Жаңа технологияларды ілгерілету – бүгінгі бәсекелестіктің де өзегі. Адамның мұқтаждығынан шығаратын, алысты жақындатып, баяуды тездететін, ауырды жеңілдететін де – адам ақыл-ойының жемісі. Осындай ой жемісінің нәтижесінде дүние дамуында өнеркәсіптік революциялар бірінің орнын бірі басты. «Өткенге өкпе жоқ, келерден үміт көп» – демекші, көмір сутегі экономикасының аяқталып, әлем жаңғыртпалы қуат көздеріне көшуде. Заманның талабына орай еліміз бұрынғы кеңестік республикалар арасында тұңғыш рет Астанада «Болашақтың энергиясы» тақырыбында «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өтті. «**EXPO – 2017**» халықаралық көрмесі Қазақстан Орталық Азия мен ТМД елдері ішінен бірінші болып осы айтулы шараны қолға алу бастамасына ие болды. Елорданың көрмеге ұсынған тақырыбы –

«Болашақтың энергиясы». Демек, ірі шара энергияның баламалы көздері мен «жасыл» технология мәселесіне арналған. Бұл көрменің ең маңыздылығы сол, әлемге қазақ атын кеңірек таныту. Бүгінде әлем елдері энергия тапшылығын сезінуде. Қазақстанда баламалы энергияны өндіру батыл қадамдарға жетелейді. Еліміздің барлық өңірлерінде табиғи энергия көздерін алуға мүмкіндік мол. Оның ішінде күн, жел, энергетикалық ресурстар, теңіз, мұхит ресурстары бар. Бұл «Болашақ энергиясы» атты көрме аясында Астанада ең озық әлемдік технологияларды енгізуге және энергетикалық тиімді бағдарламаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Осы орайда Қызылорда облысында да жергілікті атқарушы органдар тарапынан тиісті жұмыстар басталды. Шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тартып, тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай кәдеге жарату және қайта өңдеуде кәсіпкерлерге белсенді қолдау көрсетілуде. Нақты кезеңде облыстағы бірқатар кәсіпкерлер тұрмыстық қатты қалдықтардан шатыр жамылғысын (черепица) және жаяу жүргіншілер жолына арналған төсеніштер (брусчатка) жасап шығаруда. Сондай-ақ, Рисмаш шағын ауданында орын тепкен «Smart Rubber» ЖШС кәсіпорны автокөліктердің жарамсыз дөңгелектерінен резеңке ұнтақтары мен тамшылатып суаруға арналған түтіктер шығарып, нарыққа шығаруда. Қазіргі таңда көне дөңгелектер ұнтағынан жасалған жер асты резеңке түтіктерін астаналық компаниялар сатып алуда. Бұған қоса, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау кешені және полигон құрылысын салу жоспарланып отыр. Сонымен бірге, қалдықтарды басқару мәселесін кезең-кезеңімен шешеді. Осы ретте, полигондарды экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру мақсатында облыстық бюджеттен полигон құрылысына қаржы бөлінуде. Осындай шараларды жүзеге асыру арқылы біз өңіріміздің экологиялық ахуалын жақсартып отырып, шағын және орта кәсіпкерлікті барынша дамытуға жол ашылды.

Қорытынды

АҚТ-дағы жасыл технологиялардың пайдасы өте зор. Болашақ ұрпақтың да адамзат өмірінің де пайдасына тигізер үлесі мол. Қазіргі кезде адам санының көптігіне байланысты және пайдалы қазбаларды және табиғаттағы ормандар саны да азайып болашақ ұрпаққа жетпей қалуы мүмкін деген болжамдар бар. Осы технологиялар арқылы қоршаған ортаны зиянды қалдықтардың және табиғаттағы байлықты сақтауымызға да тиімді. Сонымен қатар медицинаға да тигізер үлесі зор. Негізгі бағыттары оның "экологияландыру" — энергия тиімділігін арттыру және дамыту, жаңа энергия көздерін, бірінші кезекте жаңарту. Жасыл технологиялар орталықтары Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан[4]. Астанадағы өткен Халықаралық көрме Қазақстанның жасыл экономикаға трансформацияланып дамудың тағы бір жоғары сатысына көтерді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://kk.wikipedia.org>
2. <http://group-global.org>.
3. www.kaznu.kz
4. <http://okg.kz>
5. Истрофилова О. И. Инновационные процессы в образовании: Учебно-методическое пособие. – Нижегородск: Изд-во Нижегород.гост.ун-та, 2014. -133 стр.
6. Хакимова Т.Х. Инновационные методы обучения информатике (учебное пособие). ISBN9965-830-45-2. Издательство «NURPRESS», Алматы, 2013. -270стр.

